

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТЕМІН

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
Басқарыма Төрағасы-Ректор

Г.Д.Сугирбаева

2023ж.

ОҚМПУ Ғылыми Кеңесінің

N 1 хаттамасы, 31.08.2023ж.

**ОҚМПУ қабылдау комиссиясының 2023-2024 оқу жылына
“бакалавриат”, “магистратура”, “докторантура” білім беру
бағдарламалары бойынша білім алушылардың контингентін
қалыптастыру нәтижелері туралы есебі**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің қабылдау комиссиясының 2023-2024 оқу жылына “бакалавриат”, “магистратура”, “докторантура” білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың контингентін қадыптастыру нәтижелері туралы есебі.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 2023-2024 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау Ережесі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылға 31 қазанындағы N600 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес “Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары” негізінде әзірленіп қабылдау комиссиясы жұмыс жасады.

Биылғы өзгерістер:

1. Шығармашылық емтиханқабылдау уақыты өзгерді 7-13 шілдеден 7-15 шілдеге болды
2. Серпін бағдарламасы бойынша оқуға түскендердің жұмыс өтеуін 3 жылдың орнына 2 жыл болды және бітірген аумақта емес, Серпін бағдарламасы қай қалаларда болса сол жерлерде жұмыс өтілін өткізуге болады.
3. Информатика мұғалімі мамандығына оқуға түсу үшін таңдау пәні – физика, математика емес, математика - информатика болу тиіс,
4. ЖОО оқуға түсу үшін шекті балдарын әр ЖОО өздері тағайындауға мүмкіндігі болды.
5. Әскери борышын өтеп келгендер 2 жыл ішінде ЖОО ҰБТ-сыз сұхбат арқылы оқуға түсе алады.
6. Арнайы емтихан online және offline болды.
7. Талапкер 18,05-5,07.2023 аралығында ҰБТ 2 рет тапсырып, мемлекеттік грант конкурсына ең жоғары балмен қалаған сертификатымен қатыса алды.
8. Тығыз орналасқан және жаңадан ашылған аудандарға Маңғыстау, Ұлытау, Атырау, Жетісу, Абай, Түркістан және Шымкентке нысаналы грант бөлінді

Университетке бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау арқылы және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылды, сонымен қатар ОҚМПУ-ға магистранттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды дайындауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылды. Докторантураға магистр дәрежесі және кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар ҚР азаматтары қабылданды.

Магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтихандары ҚР ҰТО бекіткен U-STUDY орталықтарында өткізілді.

Докторантура бойынша түсу емтиханының комиссия құрамы мен апелляциялық комиссия құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіліп, ҰТО-ның талабына сай жұмыс атқарды.

2023-2024 оқу жылында қабылдау комиссиясының жұмыстары 6 бағытта жүргізілді:

1. Шығармашылық емтихан қабылдау/7-15 шілде/
2. Арнаулы емтихан қабылдау /20 маусым-24 тамыз/
3. Бакалавриат бойынша мемлекеттік грант конкурсына құжаттарды қабылдау /13-20 шілде/
4. Магистратура бойынша мемлекеттік грант конкурсына құжаттарды қабылдау /11-20 тамыз/
5. Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлерді ОҚМПУ қабылдау /10-28 тамыз/
6. Дайындық курсына қабылдау /5 тамыз-5 қыркүйек/

ҚР бойынша БББ 88000дай мемлекеттік грант бөлінді, соның ішінде 12560 мемлекеттік грант білім саласына берілді. Педагогикалық ЖОО -5941 мемлекеттік грант бөлініпсоның ішінде біздің ЖОО 499 орын берілді.

Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың контингентін қалыптастыру нәтижелері туралы мәлімет.

Шығармашылық емтихан қабылдау /7-15 шілде/

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылға 31 қазанындағы №600 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 32 тармағын орындау мақсатында шығармашылық емтихандар 7-15 шілде аралығында жүзеге асырылды. Талапкерлер шығармашылық емтиханды 5 білім беру бағдарламасы бойынша тапсырды. білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтихандардың бағдарламасы мен критериялары бекітіліп емтихан кестесі құрылды, ережеге сәйкес емтихандар қабылданды. Шығармашылық мамандығына 532 талапкер тапсырды 396 бізде қалды:

- Дене шынықтыру мұғалімін даярлауға- 340/ 227
- Музыка мұғалімін даярлауға – 50/ 43
- Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлауға – 14/ 11
- Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін дайындау – 88./ 77
- Дизайн 40/ 27

Арнаулы емтихан қабылдау /20 маусым – 24 тамыз/

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес “Педагогикалық мамандықтарды таңдаған талапкерлер” арнайы емтихан тапсыру міндеттелген. Аталған арнаулы емтихан педагогикалық ситуацияларды шешуден тұрады. Педагогикалық ғылымдар білім беру саласы бойынша арнаулы емтихан кестеге сәйкес офлайн форматта қабылданды. Педагогикалық ғылымдар білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханға онлайн тіркелу талапкер Talapker.okmptu.kz сайт арқылы жүзеге асырылды /2255 талапкер тапсырды/.

**Мемлекеттік грант конкурсына құжаттарды
қабылдау /13-20 шілде/.**

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылға 31 қазанындағы N600 бұйрығына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа өтініш қабылдау 13-20 шілде аралығында жүргізілді. Конкурсқа құжат қабылдау онлайн және офлайн форматта жүргізілді. Талапкерлерден онлайн форматта келіп түскен өтініштер АРМГУ платформасы арқылы өңделіп, ҰТО-ға жіберіліп отырды. Жалпы 3500 талапкер ОҚМПУ базасы арқылы тіркелді.

2023-2024 оқу жылына ОҚМПУ-ға бакалавр білім беру бағдарламасы бойынша 1969 талапкер қабылданды, оның ішінде:

- Мемлекеттік білім беру гранты -878
- Стипендиалды бағдарлама – 17
- Келісім-шарт негізінде – 1032
- Шартты негізде -27
- Әскери борышын өтеп, 100% жеңілдікке ие болған азаматтар – 15.

магистратура бойынша -153 талапкер қабылданды:

- Мемлекеттік білім беру гранты -127
- Келісім-шарт негізінде – 26

докторантура бойынша - 13 талапкер қабылданды:

- Мемлекеттік білім беру гранты -12
- Келісім-шарт негізінде – 1

*«Алтын белгі» және «Үздік аттестатпен» бітіріп ОҚМПУ-ға түскен білім
алушылар контингенті:*

Алтын белгі	Үздік аттестат
67	237

Барлығы:304

**2023-2024 оқу жылындағы білім беру бағдарламалары бойынша
қабылдау туралы мәлімет**

	Білім беру бағдарламалары	жалпы қабылдау	мем. тап.	ақыл ы	бакалавриат			магистратура			докторантура		
					бар- лығы	мем.т ап.	ақыл ы	бар лығы	мем.т ап.	ақы лы	бар лығы	мем. тап	ақы лы
B001	Педагогика және психология	27	21	6	27	21	6						
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	41	41	0	37	37	0	4	4	0			
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	217	134	83	211	128	83	6	6	0			
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	21	0	21	21	0	21						
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	227	137	90	227	137	90						
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	44	21	23	43	20	23	1	1	0			
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	79	2	77	77	0	77				2	2	
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	6	0	6	5	0	5	1	0	1			
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	137	98	39	118	80	38	17	16	1	2	2	
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	95	92	3	85	82	3	9	9	0	1	1	
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	39	33	6	29	24	5	7	7	0	3	2	1
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	113	75	38	101	64	37	10	9	1	2	2	
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	102	70	32	75	45	30	27	25	2			
B014	География мұғалімдерін даярлау	45	15	30	42	12	30	3	3	0			
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	67	44	23	48	25	23	17	17	0	2	2	
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	146	35	111	137	32	105	8	2	6	1	1	
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	84	66	18	74	58	16	10	8	2			
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	347	37	310	323	26	297	24	11	13			
B019	Әлеуметтік педагогтарды даярлау	14	11	3	14	11	3						
B020	Арнайы педагогика	109	85	24	100	76	24	9	9	0			
B031	Мода и дизайн	28	0	28	27	0	27	1	0	1			
B037	Филология	23	0	23	23	0	23						
B036	Аударма ісі	92	0	92	92	0	92						
B050	Биология және сабақтас ғылымдар	16	0	16	16	0	16						
	барлығы:	2119	1017	1102	1952	878	1074	153	127	26	13	12	1
	стипендиялды бағдарлама бойынша						17						
	ЖАЛПЫ						2135						

ҰСЫНЫС:

1. Кабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Байырбекова Лаззат Мырзаханқызының есебі назарға алынсын.
2. Педагогикалық мамандықтардың шектік балы - 75 екендігін және шығармашылық емтихандарды 1 рет тапсыруға ғана мүмкіндік бар екенін /20.06.2024 жылдан құжат қабылдау басталуы, 7-15.07.2024 емтихан болатынын/ ескере отырып Түркістан облысы және Шымкент қаласы жалпы орта мектептерінде кәсіби-бағдар жұмыстары күшейтілсін. /Жауапты кафедра меңгерушілері, кәсіптік бағдар және мансап бөлімі, мерзімі қараша 2023-мамыр 2024 жыл/
3. Келесі мамандықтардың 6B01506 – География мұғалімін даярлау, 6B01405- Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау, 6B01704 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, 6B01706 - Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау және 6B01706 - Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау контингенті толмауына байланысты келесі оқу жылына кәсіби-бағдар жұмыстарын дұрыс жүргізбесе жабылу қаупі бар. Түркістан облысы және Шымкент қаласы жалпы орта мектептерінде кәсіби-бағдар жұмыстары жетілдірсін. /Жауапты кафедра меңгерушілері, кәсіптік бағдар және мансап бөлімі, мерзімі қараша 2023-мамыр 2024 жыл/
4. Шетел азаматтары және ұлты қазақ шетел азаматтарымен кәсіби-бағдар жұмыстарын қазан айынан бастап жыл бойы жүргізсе дұрыс болар еді. /Жауапты кәсіптік бағдар және мансап бөлімі/
5. 6B05101 – Биология, 6B02101 – Дизайн, 6B02301 - Аударма ісі және 6B02302- Филология мамандықтарының 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік грантқа тапсырыс инфокартасын толтыруды қолға алсын /Жауапты кафедра меңгерушілері, белгіленген уақытта/.
6. Магистратура бойынша оқуын жалғастыратын бітіруші түлектермен ОҚМПУ-ды таңдау бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жыл бойы жүргізу /Жауапты кафедра меңгерушілері/.
7. Докторантураға тапсырушылар алдын-ала тілдік /IELTS 5.5, TOEFL ibt – 46, TOEFL iр – 463/ сертификаттарын алсын.
8. Ақылы қабылданған 6B01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау мамандығының студенті Алтын белгі иегері ҰБТ-дан 101 бал алған Торланова Шұғыла Қанатқызын және 6B01404-Көркем еңбек және сызу мамандығының студенті Алтын Белгі иегері ҰБТ-дан 114 бал алған Гусейнова Камила Ниян-Аддинқызын 100% жеңілдікке ұсынамыз.